

Отзыв научного консультанта
о соискателе ученой степени доктора философии (PhD) на тему
«Подготовка будущих учителей начальных классов к развитию
математических способностей обучающихся» по специальности
6D010200- «Педагогика и методика начального обучения»
Альменбетовой Карлыгаш Жапсарбаевне

В условиях быстрого технологического прогресса и изменений в образовательной парадигме, учителя начальных классов играют ключевую роль в формировании у обучающихся базовых математических навыков. Развитие этих навыков необходимо не только для успешной учебы, но и для освоения широкого спектра профессиональных областей в будущем, таких как инженерия, информационные технологии, финансы, наука. Таким образом, актуальность данного исследования обусловлена не только общей потребностью в качественных педагогах, но и значимостью математической грамотности среди обучающихся для успешного экономического и социального благополучия общества в будущем, что и послужило основой для выбора темы диссертационного исследования Альменбетовой Карлыгаш Жапсарбаевны.

Работа выполнена в Жетысуском университете имени И.Жансугурова (Республика Казахстан).

Несмотря на наличие программ и методик, все еще возникают трудности в подготовке будущих учителей для эффективного развития математических навыков у детей. Часто существующие учебные программы не обеспечивают достаточной глубины подготовки будущих учителей начальных классов по вопросам развития математических способностей обучающихся или могут использоваться устаревшие методики, не способствующие полноценному и интересному усвоению математики детьми, их активному вовлечению в процесс обучения. Также остро стоит вопрос интеграции современных технологий в учебный процесс в школах и низкий уровень цифровой грамотности среди учителей. Решение данных проблем не только поможет повысить качество подготовки будущих учителей начальных классов, но и поспособствует формированию у обучающихся устойчивого интереса и понимания важности математики в современном мире.

Педагогические аспекты подготовки будущих учителей начальной школы для развития математических способностей обучающихся были раскрыты в научной работе Альменбетовой Карлыгаш Жапсарбаевны. Результаты исследования показали, что будущие учителя должны обладать навыками создания стимулирующей образовательной среды и методикам диагностики и адаптации учебного процесса с учетом потребностей каждого ученика.

За период обучения К.Ж. Альменбетова периодически консультировалась у зарубежного научного консультанта по различным вопросам, возникающим у нее в процессе решения задач исследования.

Полученные рекомендации учитывались ею в своей последующей исследовательской деятельности, а также в раскрытии содержания диссертации, подготовке публикаций, отражающих основные результаты исследования. В частности, соискателем благодаря взаимодействию с зарубежным консультантом подготовлены и опубликованы следующие научные статьи:

1. Развитие творческих способностей младших школьников. Научно-практический журнал «Заметки Ученого». 1-часть. г. Ростов-на-Дону-2021/ №3.92-96стр. eLIBRARY ID: 44881319

2. Развитие творческих способностей учащихся на уроках математики. Материалы республиканской научно-практической конференции «Подготовка будущих учителей в условиях современного образовательного пространства» 26 марта 2021 г. АО КП «Жетысуский университет имени И. Жансугурова»

3. Пути развития математических способностей учащихся. Сборник материалов 9-й Международной научно-методической конференции «Математическое моделирование и информационные технологии в образовании и науке», посвященной 75-летию профессора Э.Ю. Бидайбекова и 35-летию школьной информатики. 1-2 октября, Алматы, 2020 г.

4. Система информационного забезпечення в закладах вищої освіти. Педагогічна наука І освіта у сучасному вимірі: проблеми і перспективи розвитку. Всеукраїнської науково-практичної конференції. Одеса-2020.

В процессе исследования К.Ж. Альменбетова проявила развитые качества исследователя: целеустремленность, ответственность, творчество, трудолюбие, способности определять необходимые ей источники информации, анализировать их и делать обоснованные выводы, необходимые ей в процессе исследования.

Основные теоретические положения и выводы, полученные в ходе исследования, получили отражение в ее выступлениях на международных научно-практических конференциях, а также в публикациях в научных журналах, включенных в перечень изданий Комитета по контролю в сфере образования и науки Республики Казахстан, а также рейтинговых журналах, индексируемых международной базой Scopus.

Наблюдая за работой диссертантки на протяжении четырех лет, имею основания для ее характеру как вдумчивого, организованного молодого ученого, способного к анализу и обобщению педагогических явлений. Карлыгаш Жапсарбаевна Альменбетова - человек творческий, находится в постоянном поиске, отличается интеллигентностью, имеет достаточно высокий уровень педагогической культуры, открыта для новых идей.

Следует отметить, что в процессе своей работы диссертантка доказала свои умения работать с разной отечественной и иностранной литературой, проявила знание педагогической, психологической, философской, исторической и методической литературы. Сумела собрать и проанализировать необходимый теоретический и методический материал,

который стал серьезным основанием для уточнения первично очерченного замысла.

Материалы диссертации могут быть использованы в практической работе учителей начальных классов. Это свидетельствует о реализации научного замысла исследователя и его практическом внедрении.

Научные статьи и методические рекомендации актуальны, соответствуют современным запросам профессионального образования и требованиям Министерства образования Республики Казахстан в отношении изложения основных результатов исследования в рекомендованных изданиях, их содержание ориентировано на гуманизацию образования и воспитания личностных качеств будущих специалистов начальной школы.

Проведенное исследование Альменбетовой Карлыгаш Жапсарбаевной на тему «Подготовка будущих учителей начальных классов к развитию математических способностей обучающихся» выполнена в соответствии с требованиями Комитета по обеспечению качества в сфере образования и науки Республики Казахстан и диссертация рекомендуется к защите в специализированном диссертационном совете по присуждению ученой степени доктора философии (PhD) по специальности 6D010200-«Педагогика и методика начального обучения».

Научный консультант

**доктор педагогических наук, профессор,
профессор кафедры педагогики
Киевского национального университета
имени Тараса Шевченко**

Ольга ПЛАХОТНИК

*Віднес проф. Плахотник
завіряю:
в.о. декана факультету
психології*

Ган. Данилюк



**6D010200 - «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі»
мамандығы бойынша «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін білім
алушылардың математикалық қабілеттерін дамытуға даярлау»
тақырыбында философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне ізденуші
Альменбетова Карлыгаш Жапсарбаевна туралы ғылыми
кеңесшінің пікірі**

Технологиялық прогресстің жылдамдығы мен білім беру парадигмасындағы өзгерістер жағдайында бастауыш сынып мұғалімдері білім алушылардың бойында негізгі математикалық дағдыларды қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бұл дағдыларды дамыту тек үздік оқу үшін ғана емес, сонымен қатар болашақта инженерия, ақпараттық технологиялар, қаржы, ғылым сияқты көптеген кәсіби салаларды игеру үшін қажет. Осылайша, бұл зерттеудің өзектілігі сапалы педагогтарға деген жалпы қажеттілікке ғана емес, сонымен қатар болашақта қоғамның табысты экономикалық және әлеуметтік әл-ауқаты үшін білім алушылар арасындағы математикалық сауаттылықтың маңыздылығына негізделген, бұл Альменбетова Карлыгаш Жапсарбаевнаның диссертациялық зерттеу тақырыбын таңдауына негіз болып отыр.

Диссертациялық жұмыс І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінде орындалды (Қазақстан Республикасы).

Бағдарламалар мен әдістемелердің жеткілікті болуына қарамастан, балаларда математикалық дағдыларды тиімді дамыту үшін болашақ мұғалімдерді дайындауда әлі де қиындықтар туындайды. Көбінесе қолданыстағы оқу бағдарламалары білім алушылардың математикалық қабілеттерін дамыту мәселелері бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін жеткілікті түрде тереңдете даярлауды қамтамасыз етпейді немесе балалардың математиканы толыққанды және қызығушылықпен игеруіне, олардың оқу процесіне белсенді қатысуына ықпал етпейтін ескірген әдістемелер қолданылуы мүмкін. Сондай-ақ мектептердегі оқу процесіне заманауи технологияларды интеграциялау және мұғалімдер арасында цифрлық сауаттылықтың төмен деңгейі өзекті мәселе болып тұр. Бұл мәселелерді шешу болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау сапасын арттыруға ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың тұрақты қызығушылығын қалыптастыруға және заманауи әлемдегі математиканың маңыздылығын түсінуге ықпал етеді.

Білім алушылардың математикалық қабілеттерін дамыту үшін бастауыш мектептің болашақ мұғалімдерін даярлаудың педагогикалық аспектілері Альменбетова Карлыгаш Жапсарбаевнаның ғылыми жұмысында ашып көрсетілген. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, болашақ мұғалімдер ынталандырушы білім беру ортасын құру дағдыларына және әр білім алушының қажеттіліктерін ескере отырып, оқу процесін диагностикалау және бейімдеу әдістеріне ие болуы керек.

Оқу кезеңінде К.Ж. Альменбетова зерттеу мәселелерін шешу барысында туындайтын түрлі мәселелер бойынша шетелдік ғылыми кеңесшімен әрдайым кеңесіп отырды.

Берілген ұсынымдар оның кейінгі зерттеу қызметінде, сондай-ақ диссертацияның мазмұнын ашуда, зерттеудің негізгі нәтижелерін көрсететін жарияланымдарды дайындауда ескерілді. Атап айтқанда, ізденуші шетелдік кеңесшімен өзара іс-әрекеттің арқасында келесі ғылыми мақалаларды дайындап, жариялады:

1. Развитие творческих способностей младших школьников. Научно-практический журнал «Заметки ученого». 1-часть, г.Ростов-на-Дону-2021/ №3.92-96 стр. eLIBRARY ID: 44881319

2. Математика сабақтарында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. «Заманауи білім беру кеңістігі жағдайында болашақ мұғалімдерді даярлау» республикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары, 26 наурыз 2021 ж. АО КП «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» .

3. Оқушылардың математикалық қабілеттерін дамыту жолдары. Профессор Э.Ю.Бидайбековтің 75 жылдығына және мектеп информатикасының 35 жылдығына арналған «Білім мен ғылымдағы математикалық модельдеу және ақпараттық технологиялар» 9-шы Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдарының жинағы. 1-2 қазан, Алматы, 2020 ж.

4. Система информационного забезпечения в закладах вищої освіти. Педагогічна наука І освіта у сучасному вимірі: проблеми і перспективи розвитку. Всеукраїнської науково-практичної конференції. Одесса-2020.

Зерттеу барысында К. Ж. Альменбетова мақсатқа ұмтылу, жауапкершілік, шығармашылық, еңбекқорлық, өзіне қажетті ақпарат көздерін анықтау, оларды талдау және зерттеу барысында қажетті негізделген тұжырымдар жасау қабілеті сияқты зерттеушінің дамыған қасиеттерін көрсетті.

Зерттеу барысында алынған негізгі теориялық ережелер мен тұжырымдар оның халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің басылымдарының тізбесіне енгізілген ғылыми журналдардағы жарияланымдарында, сондай-ақ Scopus халықаралық базасымен индекстелетін рейтингтік журналдарда көрініс тапты.

Диссертанттың жұмысын бақылай отырып, оның педагогикалық құбылыстарды талдауға және жалпылауға қабілетті ойлы, тәжірибелі жас ғалым ретінде сипаттауға негіз бар. Альменбетова Карлыгаш Жапсарбаевна - шығармашылық адам, үнемі ізденісте жүреді, зиялылығымен ерекшеленеді, педагогикалық мәдениеттің жеткілікті жоғары деңгейіне ие, жаңа идеяларға ашық.

Айта кету керек, диссертант өз жұмысының барысында әртүрлі отандық және шетелдік әдебиеттермен жұмыс істей алатындығын

дәлелдеді, педагогикалық, психологиялық, философиялық, тарихи және әдістемелік әдебиеттерді білетінін танытты. Ол қажетті теориялық және әдістемелік материалдарды жинап, талдай алды, бұл бастапқы анықталған шешімді нақтылауға маңызды негіз болды.

Диссертация материалдарын бастауыш сынып мұғалімдерінің практикалық жұмысында қолдануға болады. Бұл зерттеушінің ғылыми мақсатының іске асырылуын және оның практикалық енгізілуін куәландырады.

Ғылыми мақалалар мен әдістемелік ұсынымдар өзекті, кәсіптік білім берудің қазіргі заманғы сұраныстарына және зерттеудің негізгі нәтижелерін ұсынылған басылымдарда баяндауға қатысты Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің талаптарына сәйкес келеді, олардың мазмұны болашақ бастауыш мектеп мамандарының жеке қасиеттерін тәрбиелеу мен білім беруді ізгілендіруге бағытталған.

Альменбетова Карлыгаш Жапсарбаевнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін білім алушылардың математикалық қабілеттерін дамытуға даярлау» тақырыбында жүргізген зерттеуі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына сәйкес орындалды және 6D010200- «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беру жөніндегі мамандандырылған диссертациялық кеңесте диссертацияны қорғауға ұсынылады.

Ғылыми кеңесші
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор, Тарас Шевченко атындағы
Киев ұлттық университетінің педагогика
кафедрасының профессоры /қол қойылды/

Ольга ПЛАХОТНИК
МО

Орыс тілінен қазақ тіліне аударған Алчамбаева Сания Ардактыевна
Қолы _____ 26.04.2025 жыл

“STATUS” аударма бюросы, Талдықорған қ., Шевченко к-сі, 148,

Тел.: +7 702 916 7779, +7 777 287 7339

E-mail: saniya.77@mail.ru



